

**6D020500 –«Филология» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Мұрсәлім Гұлнұр**

**Оразбекқызының
«Бұтінгі поэзиядағы мифологиялық сарын (Т. Әбдікәкімұлы,
Ұ. Есдәulet, Ж. Эскербекқызы лирикасы негізінде)» атты
диссертациясына
ПІКІР**

Мұрсәлім Гұлнұр Оразбекқызының «6D020500 -Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Бұтінгі поэзиядағы мифологиялық сарын (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәulet, Ж.Эскербекқызы лирикасы негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті тақырыптардың біріне арналған.

Бұл диссертацияда қазіргі поэзиядағы мифологиялық сарындар мен өз шығармашылыктарында миѳтік мотивтерге калам тербеген ақындардың шеберлігі, философиялық ой козғауы мен стильдік ерекшеліктері анықталған.

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері қазақ әдебиетінде өзіндік орны, өзіндік қолтаңбасы бар ақындар еңбектеріне елеулі зерттеулер жүргізілуде. Дегенмен де, қазақ әдебиетіндегі мифологияизм мәселесі, оның ішінде, қазақ поэзиясында бұл мәселе жан-жакты, жүйелі түрде сөз болмай отыр. Сондыктan да, автор әдебиеттануда мифологиялық ғылыми мектептің қалыптасуына үлес қосуды мақсат ете отырып, Шығыс Қазакстан өнірінде туған, бұтінде поэзия саласында өзіндік қолтаңбасы бар танымал ақындар Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәulet, Ж.Эскербекқызының шығармашылық мәтінмәндегі (контекст) миѳтік образдар мен сюжеттердің терең тану үшін, осы аймактың тарихына топономика поэзиясы арқылы байыптап үнілуді қажет деп санаған.

Бұтінгі поэзиядағы мифопоэтиканы зерттеудегі базалық нысан «миф» пен «архетип», топономикалық сакральді атаулар, тотемдік кие мен касиет және т.б. культтік ұғымдар ұлттық кодты тануға үлкен мүмкіндік береді. Сондыктan, бұтінгі поэзиядағы этникалық жадтың рухани өзегіне бағыт-бағдар беретін миѳтік көркемдік детальдардың колданылуы мен мән-мағынасының сүбелі тұстарын сарапап зерттеу бұтінгі танда үлкен өзектілікке ие мәселе болып отыр. Зерттеу Қазак Елінің Шығыс өнірінде туған ақындарының творчествосынан бастау алуы, кен байтак Қазақстанның барлық аймактарындағы миѳтік-сакральді жерлерді топономикалық поэзия арқылы тануға мұрындық болады деп санаймыз.

Диссертация мазмұны тақырыбына сай жазылған. Диссертацияда Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәulet, Ж.Эскербекқызы лирикасындағы мифологиялық сарын жан-жакты талданған.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері әдебиеттануда мифологиялық ғылыми мектептің қалыптасуына үлес қосу және көнеден жеткен мифологиялық құбылыстарға көзқарастар бағдарына салыстыру жасай отырып, миѳтік сарындардың бұтінгі поэзиядағы

реминисценцияланған түрлерін іріктең, ақындардың көркемдік таным әлемін ғылыми түргыда тануга бағытталған.

Диссертацияда автор қазақ әдебиетіндегі мифологияға көмекшілік жүмыстары мен олардың мазмұндық багытын карастыра келе, үлттық менталитеттің өзіндік тұстарын көпе-көрнеу жиіркенішті етіп көрсететін көп бұрмалаушылық арқылы өзге халықтардан үлгі алуға бағытталған әдебиетпен ауыздандырылған кезеңдерге сынни пікір білдірген.

Барлық корытындылар ғылыми тұргыдан қарағанда аукымды дәлелдемелерде негізделген (гуманитарлық бағыттары бойынша). Ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде нақты фактілерге сүйенген.

Диссертацияның теориялық маңызы жогары, себебі, зерттеу нәтижелері казак әдебиетіндегі мифологиялық мәселелерінің толығуына елеулі үлес косады.

Корыта келгенде, диссертациялық жұмыс бүгінгі күні өте өзекті тақырыпқа арналып, диссертант жұмыс корытындысында өте жаксы нәтижелерге кол жеткізген дей келе, Мұрсәлім Гұлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарын (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәulet, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)» жұмысы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

КЕАҚ «Торайғыров университеті» «Филология» кафедрасының менгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Н. К. Жүсіпов



«Торайғыров университеті» коммерциалық емес акционерлік қоғамы
КОЛЫН РАСТАЙМЫН
подпись Жусупова Н.К. заверяю
HR-қызметі _____ Н.К.
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»